

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ
акционерлерінің жалпы
жиналысының

20 _____ ЖЫЛҒЫ «____» _____

(№ _____ хаттама)

шешімімен бекітілген

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру»

акционерлік қоғамының

Ж А Р Ғ Ы С Ы

Астана қ., 2018 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысы Қоғамның атауын, орналасқан жерін, құрылу тәртібі мен органдарының құзыретін, Қоғамның қайта ұйымдастырылуы мен қызметінің тоқтатуының шарттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тідегі толық атауы - “ҚазМұнайГаз” Барлау Өндіру” акционерлік қоғамы, қысқаша – “ҚазМұнайГаз” БӨ” АҚ;

- орыс тіліндегі толық атауы - акционерное общество "Разведка Добыча “КазМунайГаз”, қысқаша - АО “РД “КазМунайГаз”;

- ағылшын тіліндегі толық атауы - joint stock company KazMunayGas Exploration & Production, сокращенное – JSC KazMunayGas E&P.

3. Қоғамның (Қоғамның атқарушы органының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй.

4. Қоғамның корпоративтік веб-сайты – www.kmger.kz

5. Қоғам қызметінің мерзімі шектелмеген.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

6. Қоғам “Ембімұнайгаз” ашық акционерлік қоғамы мен “Өзенмұнайгаз” ашық акционерлік қоғамын қосу нысанында қайта ұйымдастырудың нәтижесінде құрылды және “Ембімұнайгаз” ашық акционерлік қоғамы мен “Өзенмұнайгаз” ашық акционерлік қоғамының барлық мүлкінің, құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие бола және жүзеге асыра, жауапкершілікте және сотта талапкер және жауапкер бола алады.

8. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін (бұдан әрі – «Заңнама» деп аталады), сондай-ақ осы

Жарғыны (бұдан әрі – «Жарғы») және Корпоративтік Басқару Кодексін (бұдан әрі – «Кодекс») басшылыққа алады.

9. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

10. Қоғамның қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде толық атауы көрсетілген мөрі, бланкілері, үлгілерін Қоғамның басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өз тауарлық белгісі мен рәмізі, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мөртаңбалары, корпоративтік веб-сайты және өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қажет басқа да реквизиттері болады.

3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЫСАНАСЫ

11. Қоғамның мақсаты - дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында таза кіріс алу.

12. Қоғам қызметінің нысанасы мыналар:

1) мұнай мен газды тауарлық күйге дейін дайындауды қоса алғанда, шикі мұнай мен ілеспе газ өндіру;

2) метанды қоспағанда табиғи газ өндіру;

3) Қоғамның объектілерінде мұнай мен табиғи газ өндіру кезінде техникалық қолдау көрсету;

4) Қоғамның объектілерінде геологиялық барлау және зерделеулер жүргізу жөніндегі қызметтер (ғылыми зерттеулер мен ізденістерсіз);

5) мұнайды қайта өңдеу өнімдерін шығару;

6) газ тәріздес отын шығару;

7) Қоғамның объектілерінде барлап бұрғылау;

8) Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының шикі мұнайы мен ілеспе газын көтерме саудалау;

9) табиғи жанғыш газды көтерме саудалау;

10) авиациялық бензин мен керосинді көтерме саудалау;

11) автомобиль бензинін көтерме саудалау;

12) дизель отынын көтерме саудалау;

13) отындық мазутты көтерме саудалау;

14) басқа да отынды көтерме саудалау;

15) аралық өнімдерді көтерме саудалау;

16) газ тәріздес отынды құбырлар арқылы сату;

17) Қоғамның объектілерінде жару жұмыстарын жүргізу;

18) өз мұқтажына арналған темір жол жүк көлігі;

19) Қоғамның объектілерінде елді мекендерден тысқары жерлерде тамақтануды ұйымдастырудың басқа да түрлері;

20) Қоғамның еншілес ұйымдарында моторлық отынды бөлшек саудалау;

21) Қоғам ұйымдарының мұнайын тасымалдау жөніндегі көліктік-экспедициялық қызмет көрсетулер;

22) Қоғамның ұйымдарына деректерді орналастыру және өңдеу жөніндегі қызмет көрсетулер (оның ішінде деректерді орналастыру және өңдеуге арналған инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді және басқа да тиісті қызмет көрсетулерді қоса алғанда);

23) Қоғам мен оның ұйымдарының веб-порталдары;

24) Қоғам мен оның ұйымдарының ақпараттық жүйелер мен деректер базасын жүргізумен ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету;

25) Қоғам мен оның ұйымдары үшін ақпараттық технологиялар мен ақпараттық жүйелер саласындағы басқа да қызмет түрлері;

26) «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар үшін өз жылжымайтын мүлкін жалға беру және басқару;

27) мына төмендегі мәселелерді қоса алғанда, Қоғамның ұйымдарына қатысты басқа да бас компаниялардың қызметі:

- өндірісті ұйымдастыру, жаңа техника мен технологияларды енгізу, өндірістегі қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету, өндірістің барысын бақылау;

- мұнайды, газ бен оларды өңдеу өнімдерін экспортқа және ішкі рынокқа тасымалдауды және көліктік экспедициясын, өңдеу мен сатуды ұйымдастыру;

- қаржыландыруды және бухгалтерлік есепті, салықтық есеп пен салықтық жоспарлауды ұйымдастыруды басқару;

- қаржылық, өндірістік есепті бақылауды автоматтандыру және қаржылық және басқарулық есептілікті қалыптастыру;

- стратегиялық, инвестициялық, заңдық, маркетингтік, техникалық, технологиялық мәселелер бойынша, сондай-ақ сақтандыру, сатып алу және басқа да басқарулық мәселелер жөніндегі консультациялар;

- бизнесті басқару, әкімшілдеу, ұйымдастыру және дамыту;

- мұнай-газ саласындағы мүлікті, тауарларды (азық-түліктік емес тауарларды қоймаға қоюды, сақтауды және сатуды қоса алғанда), жұмыстарды, қызмет көрсетулерді және қызметкерлерді ұсыну және сату;

28) ұлттық компания құрған ұйымдардың, мекемелердің техникалық және қосалқы қызметкерлерді стратегиялық объектілерге қызмет көрсету жөніндегі қызметі;

29) басқа да қаржылық қызметтер, экономиканың түрлі салаларындағы қаржыландыру, Қоғамның ұйымдарына қатысты инвестициялық қызмет;

30) қауіпсіз қалдықтарды жинау;

31) қауіпті қалдықтарды жинау;

32) қауіпсіз қалдықтарды өңдеу және жою;

- 33) қауіпті қалдықтарды өңдеу және жою;
- 34) қайта культивациялау және қалдықтарды жою саласындағы басқа да қызметтер;
- 35) Қоғам қызметінің нәтижесінде алынған қалдықтар мен қара металл сынықтарын қайта өңдеу.

13. Заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы қажет лицензияның және рұқсаттың өзге де түрін талап ететін қызметтің түрлері тиісті лицензиялар немесе рұқсаттың өзге де түрлері алынғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

14. Қоғамның Заңнамамен көзделген барлық құқықтары бар және барлық міндеттерді алады. Қоғам, тұтастай алғанда, акционерлердің мүдделерінде іс-әрекет етеді.

15. Қоғам өзінің акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкінің шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауаптылықта болады.

16. Мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейтіндігі секілді, Қоғам да мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

17. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасайды, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерге ие болады, сотта талапкер немесе жауапкер болады, сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

18. Қоғам қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хау» және басқа ақпаратты иелену және пайдалану құқығына ие болады және бере алады.

19. Қоғам бағалы қағаздарды шығара алады, оларды шығару, орналастыру, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі Заңнамамен белгіленеді.

20. Қоғам оның орналақсан жерінен тыс жерлерде Қазақстан Республикасында және шетелде орналасқан өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады. Кез келген филиал мен өкілдік жеке заңды тұлға болып табылмайды, бірақ Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша іс-әрекет жасайды. Қоғам өз мүлкінің есебінен оларға негізгі және айналым құралдарын беріп және Заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін белгілейді. Филиалдың немесе өкілдіктің кез келген мүлкі олардың жеке балансында және тұтастай алғанда Қоғамның балансында да есептеледі.

Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылық етуді бас директор (басқарма төрағасы) тағайындайтын адамдар жүзеге асырады.

Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген сенімхаттың негізінде іс-қимыл жасайды.

Қоғам Заңнамаға сәйкес өзге де жекеленген құрылымдық бөлімшелер құруға құқылы.

21. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде ұлттық, сондай-ақ шетел валютасында да есепшоттар ашуға құқылы.

22. Қоғамның Заңнамаға сәйкес займдар беруге және қазақстандық та, шетелдік те заңды және жеке тұлғалардың теңгемен және шетелдік валютамен несиелерін пайдалануға құқығы бар. Қоғам заемдар ала алады және міндеттемелерінің, мүлкінің және активтерінің барлығын немесе бір бөлігін кепілге бере алады.

23. Қоғам ішкі нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

24. Қоғам Заңнамаға және акциялардың кез келген түрін ұстаушылардың алатын кез келген құқықтарына сәйкес, өз акцияларын сатып алуға құқылы.

25. Қоғам Заңнамамен, осы Жарғымен және Кодекспен көзделген басқа да құқықтары болады және басқа да міндеттерді алады.

5. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

26. Қоғамның акционерлері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғамның қызметімен байланысты Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін алады.

27. Артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтар көлемін қоса алғанда Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалады.

28. Қоғам акциялардың сол бір түрін барлық ұстаушыларды осындай акциялар бойынша құқықтарда тең санайды.

6. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

29. Қоғамның мүлкі:

1) Қоғамға оларды біріктірудің нәтижесінде “Ембімұнайгаз” ашық акционерлік қоғамы мен “Өзенмұнайгаз” ашық акционерлік қоғамы берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде алынған кірістердің;

3) Заңнамамен тыйым салынбаған негіздемелер бойынша алынған өзге де мүліктің есебінен қалыптастырылады.

7. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

30. Қоғам жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады, мұндағы кез келген акцияға сертификаттар берілмейді.

31. Жай акция акционерге дауысқа салынған барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқық, Қоғамда таза кіріс болған жағдайда дивидендтер алуға құқық (акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімінің негізінде), сондай-ақ ол таратылған жағдайда Заңнамамен белгіленген тәптіппен Қоғам мүлкінің бір бөлігіне құқық береді.

32. Акционерлердің - артықшылықты акциялардың меншік иелерінің акционерлердің - жай акциялардың меншік иелерінің алдында Жарғымен белгіленген, алдын ала айқындалған кепілдікті мөлшерде дивидендтер алуға, Қоғам таратылған жағдайда Заңнамамен белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігін алуға артықшылықты құқығы болады.

33. Артықшылықты акция:

1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларға иелік етуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселелерді қарайтын. Мұндай мәселе бойынша шешім оны орналастырылған артықшылықты акциялардың жалпы санының (сатып алынғандарды есептемегенде) кем дегенде үштен екісін ұстаушылардың мақұлдауы шартымен ғана қабылданған болып есептеледі.

Ол бойынша шешім қабылдау артықшылықты акцияларға иелік ететін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін болатын мәселелерге:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не болмаса оны есептеудің тәртібін өзгерту;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібін өзгерту;

артықшылықты акцияларды Қоғамның жай акцияларына айырбастау туралы мәселелер жатады;

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оларды Қоғам Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған рынокта сатып алған жағдайда артықшылықты акциялардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарайды;

3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қарайтын;

4) артықшылықты акция бойынша дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап 3 (үш) айдың ішінде толық мөлшерінде төленбеген жағдайларды қоспағанда, акционерге Қоғамды басқаруға қатысуға арналған дауыс құқығын бермейді.

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар және оған өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысатын артықшылықты

акцияларды ұстаушылардың әр қайсысының өзіне тиесілі артықшылықты акцияның әр қайсысы бойынша бір даусы болады.

34. Қоғам өзінің акциясына айырбасталатын бағалы қағаздарды қоса алғанда облигациялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

35. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді Қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады.

36. Қоғамның акциялары мен басқа да бағалы қағаздарының кепілі мәселелері Заңнамамен және тиісті кепіл шартымен реттеледі.

8. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

37. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде айқындалатын Қоғамның таза кірісі дивидендтерді төлеуді қоса алғанда, акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіппен бөлінеді.

Дивидендтер есепті кезеңнің таза кірісінен және (немесе) өткен жылдардың бөлінбеген пайдасынан төленеді.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу тоқсан немесе жарты жыл қорытындылары бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Дивидендтері төленбеген акцияларды иеліктен шығару, егер акцияларды иеліктен шығару туралы шартпен өзгедей көзделмесе, оларды жаңа меншік иесінің алу құқығымен жүзеге асырылады.

Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесі деректерінің негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Көрсетілген тізімді жасау датасы дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күннен ерте белгіленбейді. Дивидендтерді төлеуді бастау дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен бұрын белгіленеді.

38. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер Қоғамның тиісті кезеңге арналған қаржылық есептілігінің аудиті жүргізілгеннен кейін, арналған Қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілік даусымен акционерлердің жалпы жиналысында дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен төлеуге жол берілмейді.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеуге мұндай төлем акционердің жазбаша келісімімен Қоғамның жарияланған акцияларымен

және оның шығарған облигацияларымен жүзеге асырылуы шартымен ғана жол беріледі.

39. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлеу төлем агенті арқылы жүргізілуі мүмкін. Төлем агентінің қызметіне ақы Қоғамның есебінен төленеді.

40. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді, сондай-ақ егер сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату жөнінде шешім қабылдайтын болса.

41. Қоғамның жай және артықшылықты акциялар бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Заңнамаға сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есептеуге жол берілмейді.

Акционер Жарғының осы тармағында көрсетілген негіздер бойынша дивиденді есептелмеген жағдайларды есептемегенде, Қоғам берешегі қалыптасқан мерзімне қарамай, алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

42. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдап, оны қабылдаған күнінен бастап он күн ішінде осы Жарғыда көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауға құқылы.

43. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім Қоғамның бағалы қағаздары айналымда тұрған қор биржасының талаптарында өзгесі белгіленбесе осы Жарғыда көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында және Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жариялануға тиіс.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер:

1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де деректемелері;

2) дивидендтер төленетін кезең;

3) бір жай, артықшылықты акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;

4) дивидендтер төлеудің басталатын күні;

5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысанасы болуға тиіс.

44. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері кем дегенде 25 (жиырма бес) теңгені құрайды және жай акциялар бойынша осы кезең үшін есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауы тиіс.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

45. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімінің басталуы алдындағы бес жұмыс күні ішінде Қоғам осы Жарғыда көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында Жарғының 43-тармағының 1)-5) тармақшаларында келтірілген мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтер төлеу, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылықты акцияға шаққандағы алынатын дивиденд мөлшері туралы ақпарат жариялауға міндетті.

9. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

46. Мыналар Қоғамның органдары болып табылады:

- 1) жоғары орган – акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы - директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган - ішкі аудит қызметі болып табылады.

10. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

47. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

48. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

49. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есепбі мен жылдық есебі бекітіледі, Қоғамның аяқталған қаржы жылындағы таза кірісін бөлудің тәртібі мен Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциялары есебімен дивидендтердің мөлшері белгіленеді, сондай-ақ акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне көзқарасы және оларды қараудың нәтижелері туралы мәселелер қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның акционерлерін Қоғамның директорлар кеңесі мен басқарамасы мүшелерінің сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы хабардар етеді.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы, олар бойынша шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

50. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін 5 (бес) айдың ішінде өткізілуге тиіс.

Көрсетілген мерзім Қоғамның есепті кезеңі үшін аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

51. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады.

52. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын, егер ол ерікті түрде таратылу процесінде тұрған болса, Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

Заңнамамен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайы көзделуі мүмкін.

53. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді:

1) басқарма;

2) онымен жасасылған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі;

3) директорлар кеңесі;

4) (егер қолданымды болса) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

54. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды, Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам көтереді.

55. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қоғам Заңмен белгіленген акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шақырудың тәртібін бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы, егер Қоғамның органдары оның акционердің кезектен тыс жалпы өткізу туралы талабын орындамаса, ірі акционердің талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

56. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап Қоғам басқармасының орналасқан жері бойынша мұндай жиналыстың күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне қойылады.

Қоғамның директорлар кеңесі күн тәртібі мәселелерінің мәніне өзгеріс енгізуге және ірі акционердің талабы бойынша шақырылатын акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқығы жоқ.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру кезінде қойылатын талаптарға сәйкес директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

Егер, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционер (акционерлер) талап қойған жағдайда, онда аталған жиналыстың өткізілуіне бастамашы болған акционердің (акционерлердің) есімдері (атаулары), және ол иелік ететін акциялардың саны мен түрлері көрсетілуі қажет.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап еткен тұлға (тұлғалар) қол қояды.

57. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он күн ішінде шешім қабылдауға және ондай шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, осы талапты ұсынған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру немесе оны шақырудан бас тарту туралы шешім қабылданғаны туралы хабарлама жіберуге міндетті.

Қоғам директорлар кеңесінің ірі акционердің талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімдері:

1) Заңда белгіленген акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап ұсынудың тәртібі сақталмаған;

2) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Заңнаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда қабылдануы мүмкін.

Қоғам директорлар кеңесінің ірі акционердің талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімдері сот арқылы даулануы мүмкін.

Белгіленген мерзімнің ішінде Қоғамның директорлар кеңесі ұсынылған талап бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда оны шақыруды талап ететін тұлға Қоғамды акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруын міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

58. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесі деректерінің негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Көрсетілген тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі тиіс.

Акционерлердің тізіміне енгізілуі тиісті мәліметтерді уәкілетті орган белгілейді.

59. Егер акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін бұл тізімге енгізілген акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс

беруге құқығы бар тұлға өзіне тиесілі Қоғамның дауыс беруші акцияларын иеліктен шығаруды жүргізген жағдайда акционердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл ретте акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

60. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа оған қатысуға құқығы бар адамдардың басым көпшілігі қатыса алатындай етіп белгіленуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналыстары Қазақстан Республикасы, Астана қаласында өткізіледі.

61. Акционерлерлер алдағы уақытта жалпы жиналыс өткізілетіні туралы күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - жиналыс өткізілгенге дейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей хабардар етілуі тиіс.

62. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы құлақтандыру “Егемен Қазақстан” және/немесе “Казахстанская правда” газеттерінде, сондай-ақ Қоғамның жай акциялары айналымдағы қор биржасының листингтік ережелерінің талаптарына сәйкес басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Жарғының 61-тармағында белгілеген мерзімдерді есептеу осы тармақта көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы құлақтандыру жарияланған күннен басталады.

63. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы құлақтандыруда:

- 1) Қоғам басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәлімет;
- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күнді, уақытты және жерді, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақытты, сондай-ақ егер бастапқы жиналыс өтпей қалса, өткізілуі тиіс Қоғам акционерлерінің қайталама жалпы жиналысының өтетін күні мен уақыты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен акционерлерді таныстырудың тәртібі;
- 7) жиналыс өткізудің тәртібі;
- 8) сырттай дауыс беруді жүргізудің тәртібі мен сырттай дауыс беруге арналған процедура;
- 9) оларға сәйкес жиналыс өткізілетін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормалары қамтылуы тиіс.

Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде

басқа акционерлермен бірігу мақсатында Қоғамның тіркеушісімен хабарласуға құқылы.

Миноритарлық акционердің хабарласуы мен Қоғам тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпараттар таратуының тәртібі бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі шартпен белгіленеді.

64. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.

65. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізіледі.

66. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы күн тәртібінің акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.

67. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс. Күн тәртібінде «әр түрлі», «басқа да», «өзге де» және осыған ұқсас сөздерді қоса алғанда кең ұғымдағы сөздерді қолдануға тыйым салынады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Қоғам акционерлерінің мұндай толықтырулар туралы жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей немесе Жарғының 70-тармағымен белгіленген тәртіппен хабардар етілуі шартымен Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан көп пайызын жеке өзі не басқа акционерлермен бірлесіп иеленетін акционер немесе директорлар кеңесі толықтыруы мүмкін.

68. Акционерлердің қатысуы тәртібімен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысын ашу кезінде корпоративтік хатшы күн тәртібінің өзгеруі жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

69. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған дауыс беретін акциялардың жалпы санынан көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

70. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде 95 (тоқсан бес) пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) енгізуді жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Күн тәртібі егер ол бойынша орналастырылған (сатып алынғандардың есебінсіз) артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі ол бойынша дауыс берген жағдайда артықшылықты акцияларды иеленетін акционерлердің құқықтарын шектей алатын шешім қабылданатын мәселемен толықтырыла алады.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

71. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

72. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар аталған мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдауға қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс. Корпоративтік хатшы акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

73. Қоғамның органдарын (директорлар кеңесін) сайлау жөніндегі мәселелер бойынша материалдар ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) Қоғамға аффиирлену туралы мәліметтер;
- 4) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмысы және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Қоғамның директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын кандидаттың қай акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директорының қызметіне кандидат болып табылатындығы немесе табылмайтындығы көрсетілуі қажет. Егер директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат акционер не Жарғының 112-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген жеке тұлға болып табылса, ондай мәліметтер акционерлер тізімінің қалыптасу күніне акционердің Қоғамның дауыс беруші акцияларын иелену үлесі туралы деректер қоса берілген материалдарда көрсетілуі қажет.

74. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар:

- 1) Қоғамның жылдық шоғырландырылған қаржылық есебін;
- 2) жылдық шоғырландырылған қаржылық есепке аудиторлық есепті;
- 3) директорлар кеңесінің Қоғамның аяқталған қаржы жылындағы таза кірісін бөлудің тәртібі мен Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясына шаққандағы жылдық дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарын;

4) акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне көз қарасы және оларды қараудың нәтижелері жөніндегі материалдарды;

5) Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы жылдық есепті;

6) акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастамашылық етушінің қалауы бойынша өзге де құжаттарды қамтуы тиіс.

75. Қоғамның жылдық есебін Қоғамның басқармасы дайындайды, Қоғамның директорлар кеңесі мақұлдайды және акционерлердің жалпы жиналысының қарауына ұсынады.

Қоғамның жылдық есебі кемінде аудиттелген жылдық есепті, Қоғамның қызметіндегі өткен кезең ішіндегі елеулі уақиғалар туралы есепті, сондай-ақ Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамның жылдық есебінде қамтылған мәліметтердің дұрыстығына жауаптылығының сипаттамасын қамтиды.

Қоғамның бекітілген жылдық есебі Қоғамның корпоративтік веб-сайтына орналастырылады.

76. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін жиналыс өткізілетін күнге дейін кемінде 10 (он) күн бұрын Қоғам басқармасының орналасқан жері бойынша дайын және қол жетімді болуы, ал акционердің сұрау салуы жағдайында – оған сұрау алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде жіберілуі қажет. Құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу үшін шығындарды акционер көтереді.

77. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу сәтіне оған қатысу үшін акционерлер немесе жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқылы акционерлердің тізіміне енгізілген олардың өкілдері, сондай-ақ Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп процентін иеленетін адамдар тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі (кворум) мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

78. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналысы:

1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 40 (қырық) және одан да көп процентін иеленетін акционерлер немесе олардың акционерлер тізіміне енгізілген өкілдері, сондай-ақ сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

79. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен берілген және жалпы

жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде Қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

80. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Қоғам басқармасы мүшелерінің акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқы жоқ. Қоғам қызметкерлерінің мұндай өкілдік акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқауды қамтитын сенімхатпен негізделген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқы жоқ.

Акционердің өкілі Заңнамаға сәйкес ресімделген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

81. Заңнамаға немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіуге құқығы бар тұлғадан акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

82. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңнамамен, Жарғымен және Кодекспен сәйкес не акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешімімен белгіленеді.

83. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген барлық акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Қоғамның артықшылықты акцияларының меншік иесі болып табылатын акционер акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы, алайда осы Жарғының 7.4. тармағында көрсетілген жағдайларды санамағанда дауыс беру құқығына ие болмайды.

Акционерлердің қатысу тәртібімен акционерлердің жалпы жиналысына шақырылған адамдар қатыса алады, бұл орайда мұндай адамдар төрағаның рұқсатымен акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеуге құқылы.

34. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашыламуы керек.

Егер жиналыс басталуының белгіленген уақыттан кейінгі 1 (бір) сағаттың ішінде кворум болмаса, онда жиналыс оны өткізу туралы құлақтандыруда көрсетілген Қоғам акционерлерінің қайталама жалпы жиналысын өткізу күні мен уақытына ауыстырылады.

85. Акционерлердің жалпы жиналысы төрағаны (төралқаны) сайлауды жүргізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру “бір акция - бір дауыс” принципімен жүзеге асырылады, ал шешім дауыс беруге құқылы қатысушылардың Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан жай көпшілік даусымен қабылданады. Жиналысқа қатысушы акционерлердің Басқарманың құрамына кіретін жағдайларды қоспағанда Басқарманың мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

Қоғамның корпоративтік хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы болып табылады.

86. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.

87. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы, ол туралы хаттамаға белгі жасалады.

88. Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

89. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген кез келген ақпараттың толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.

90. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

91. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен Қоғамның дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.

92. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберуге тиіс. Акционерлерінің саны бес жүз және одан да көп Қоғам акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей, сырттай дауыс беруге беретін болған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабармен бірге осы Жарғының 62-тармағында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

93. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерге:

- 1) Қоғамның Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың себептері туралы ақпарат;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;

- 4) акционерлердің жалпы жиналысы отырысының өткізілетін күні не акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, сырттай дауыс берілетін дауыстар есептелетін күн;

- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

- 6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;

- 7) дауыс берілетін мәселелер бойынша мәселелердің тұжырымдамасы;

- 8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің “жақтайды”, “қарсы”, “қалыс қалды” деген сөздермен білдірілген нұсқалары;

- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

94. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерге жеке тұлға - акционердің өз басы осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қойып, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуы тиіс.

Жеке тұлға - акционердің немесе заңды тұлға - акционердің басшысының қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлға - акционердің мөрі жоқ бюллетень жарамсыз деп саналады.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана белгі қойылған ықтимал нұсқасы бойынша дауыстар есептеледі.

95. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін орын болуға тиіс.

96. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді бұрын жіберген акционер акционерлердің аралас дауыс беру пайдаланылатын жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

97. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда 1 (бір) акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыспен беруді қоспағанда, “1 (бір) акция – 1 (бір) дауыс” принципі бойынша жүзеге асырылады.

Дауыс берудің қорытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама жасайды және оған қол қояды.

Акционерлерде дауыс беруге енгізілген мәселе бойынша ерекше пікір болған жағдайда Қоғамның есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

Дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама жасалғаннан және оған қол қойылғаннан кейін олардың негізінде хаттама жасалған ашық құпия және сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетендер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер де) хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамның мұрағатына сақтауға тапсырылады.

Дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тігуге жатады.

Дауыс берудің қорытындылары оның барысында дауыс беру жүргізілген акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс берудің нәтижелері акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде оларды Жарғының 62-тармағында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

98. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

99. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) Қоғам акционерлердің жалпы жиналысындағы ұсынған дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан адамдардың саны мен сөйлеген сөздері;
- 9) акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің дауысқа салынған әрбір мәселесі бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 10) дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Жалпы жиналыста Қоғамның директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда жалпы жиналыстың хаттамасында директорлар кеңесінің таңдалған мүшесі қай акционердің өкілі және (немесе) сайланған директорлар кеңесі мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатындығы көрсетіледі.

100. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқаның мүшелері) мен корпоративтік хатшының;
- 2) есептеу комиссиясының мүшелерінің;
- 3) Қоғамның дауыс беруші акцияларының 10 (он) және одан көп пайызына ие және акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің қолы қойылуға жатады.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлға оған қол қоюға мүмкіндігі болмаса, хаттамаға оның сенімхат бойынша іс-әрекет ететін өкілі, не Заңнамаға немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз іс-

қимыл жасауға немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға қол қояды.

101. Жарғының 100-тармағында аталған адамдардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол адам бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуі тиіс.

102. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру және хаттамаға қол қою құқығына сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептері бар жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттарды Қоғамның басқармасы сақтауы және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционерлердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

11. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

103. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

3) Қоғамның жарияланған акциялары санының көбеюі, олардың түрін анықтау немесе Қоғамның жарияланған орналастырылмаған акциялар түрінің өзгеруі туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның бағалы қағаздарының айырбасталу шарттарын және тәртібін, сондай-ақ олардың өзгерістерін айқындау;

5) Қоғамның жай акцияларына өтімді бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;

6) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, мұнай айырбастаудың шарттары мен тәртібін белгілеу;

7) Қоғамның бағалы қағаздары айналымда тұрған қор биржасының ресми тізімінен Қоғамның бағалы қағаздарын уақытша немесе мүлде шығару туралы шешім қабылдау;

8) Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

9) акционерлердің жалпы жиналысы есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, есеп комиссиясының мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Директорлар кеңесінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін

мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

11) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды айқындау;

12) Қоғамның жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін және жылдық есебін бекіту;

13) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясына есептегендегі дивидендт мөлшерін бекіту;

14) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

15) егер ондай шешімді Қоғамның директорлар кеңесі қабылдай алмайтын болса, мәміле жасауға мүделілік болған жағдайда Қоғамның оны жасауы туралы шешім қабылдау;

16) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына беру туралы шешім қабылдау;

17) Қоғам акцияларды заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

18) директорлар кеңесінің мүшелеріне акцияларға опциондарды беру туралы шешім қабылдау (бас директордан (басқарманың бастығы) және тәуелсіз директорлардан басқа);

19) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

20) қор биржасында жарияланған соңғы қаржылық есепке сәйкес Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан көп пайыздарын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру жолымен Қоғамның өзге заңды тұлғалар құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

21) оның (олардың) нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылатын (шығарылуы мүмкін) мәміле жасасу туралы шешім қабылдау күніне Қоғамның оның нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу және одан да көп пайызды құрайтын мүлік Қоғамның иелігінен шығарылатын (шығарылуы мүмкін) ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;

22) олар бойынша шешім қабылдау Заңнамамен және (немесе) Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

104. Заңның 36 бабының 2-тармағында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының өзге де мәселелер бойынша шешімдері, егер Заңда өзгесі белгіленбесе, Қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

105. Егер Заңнамада және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде басқасы көзделмесе, шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдардың немесе қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

106. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

12. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

107. Директорлар кеңесі Заңнамамен және (немесе) Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі әрдайым Қоғамның үздік мүдделерінде іс-әрекет жасауға міндетті.

Директорлар кеңесі:

1) қоғамның мүлкін заңсыз пайдалануды және оларды жасасуға мүдделілік бар мәмілелер жасаған кездегі теріс пайдалануды қоса алғанда, лауазымды тұлғалар мен акционерлердің деңгейіндегі ықтимал мүдделер қақтығыстарын қадағалау және мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамда корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды іске асыруға міндетті.

12.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің артықшылықты бағыттарын айқындау;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялар санының шегінде акцияларды орналастыру (сату), оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды өтеп алудың бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық шоғырландырылған қаржылық есебін алдын ала бекіту, Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасы туралы жылдық есепті мақұлдау;

6) Жарғыны, Кодексты, сондай-ақ оларға енгізілетін толықтыруларды және/немесе өзгерістерді мақұлдау;

7) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығарудың шарттарын белгілеу;

8) қор биржасындағы Қоғамның бағалы қағаздарының листингі үшін эмиссиялар проспектісін бекіту;

9) Қоғам басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін айқындау, ол туралы ережені бекіту, бас директорды (басқарма төрағасын) және басқарма мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.

10) Акционерлердің жалпы жиналысына директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшерлері мен шарттарына қатысты ұсынымдар ұсыну;

11) басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйақы төлеудің шарттарын айқындау, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;

12) Қоғамда ішкі бақылау рәсімін орнықтыру және оның сақталуын бақылау және Ішкі аудит қызметінің жыл сайынғы жоспарын бекіту;

13) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;

14) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшері мен оған сыйақы төлеудің шарттарын айқындау, корпоративтік хатшы тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;

15) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларына төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеудің мөлшерін белгілеу;

16) Қоғамның резервтік капиталын (егер ондай болса) пайдаланудың тәртібін айқындау;

17) тізбесін директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде аукциондар және/немесе жазылу жүргізу арқылы Қоғамның бағалы қағаздарын орналастырудың шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

18) Заңға және (немесе) Жарғыға сәйкес басқарманың, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді есептемегенде, акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерімен (оның ішінде көрсетілген органдар

бекіткен ішкі құжаттарды қоса есептегенде) белгіленген мәселелер жөнінде шешімдер қабылдау;

19) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін, жеке құрылымдық бөлімшелерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

20) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының 10 (он) және одан көп пайыздарын (Жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешім қабылдау;

21) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) он және одан көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғалар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері жөнінде шешім қабылдау;

22) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпараттарды анықтау;

23) Жарғының 103-тармағының 21) тармақшасына сәйкес оларды жасасу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді есептегенде, Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ірі мәмілелер жасасуы туралы шешім қабылдау;

24) Жарғыға сәйкес оларды жасасу туралы шешім қабылдау Қоғам басқармасының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның оны жасасуға мүдделілігі бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

25) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын көлемге арттыру туралы шешім қабылдау;

26) жер қойнауын пайдалану құқығын алу, беру (қайта беру), жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға өзгерістер енгізу (заңнамалық актілердегі өзгерістермен немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне байланысты келісімшарттарды өзгертуді, тараптардың деректемелерін өзгертуді және редакциялаумен байланысты өзгерістер енгізуді есептегенде), жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жобаларды бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық әріптестермен бірлесіп қызмет атқару туралы шарттар (келісімдер) жасасу, Қоғамның Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға сәйкес келісімшарттық аумақты қайтару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

27) Қоғам дамуының стратегиясы мен стратегиялық жоспарларын бекіту;

28) Қоғамның жеке және (немесе) топтастырылған жылдық бюджетін, жеке және (немесе) топтастырылған бизнес-жоспарын, сондай-ақ оларға түзетулерді бекіту;

29) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның аяқталған қаржы жылындағы таза кірісін бөлудің тәртібі және Қоғам жылдың қорытындылары бойынша төлейтін Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясына шаққандағы дивидендтердің мөлшерлері туралы ұсыным беру;

30) Директорлар кеңесінің қандайда болмасын комитетін немесе өзге де органын құру, оларды құрудың тәртібі мен жұмысын, құрамын, қызметін және өкілеттігі шеңберін айқындау, олар туралы ережелерді бекіту;

31) Қоғамның бағалы қағаздары айналымда тұрған қор биржасының листингтік ережелерінің сақталуын бақылау;

32) Қоғамның бағалы қағаздарын Қоғамның бағалы қағаздары айналымдағы қор биржасының ресми тізімінен уақытша немесе түбегейлі алып тастау туралы шешім қабылдау;

33) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға қатысуы туралы шешім қабылдау;

34) Акцияға арналған опциондардың кез келген жоспарларын немесе Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін көтермелеудің ұзақ мерзімді жоспарларын бекіту;

35) директорлар кеңесінің мүшелеріне (бас директор (басқарма төрағасы) мен тәуелсіз директорларды қоспағанда) берілетін опциондарды қоспағанда акцияларға опциондар жоспарлары мен Қоғам қызметкерлерін көтермелеудің ұзақ мерзімді жоспарлар бойынша акциялар мен сыйақыға опциондар беру туралы шешімдер қабылдау;

36) Қоғамды ерікті түрде таратуды не қайта ұйымдастыруды мақұлдау;

37) Қоғамның әлеуметтік шығыстарын (Заңнама немесе бар шарттар бойынша талап етілетіндерден басқа) мақұлдау;

38) Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы санын бекіту;

39) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

40) Қоғамның тәуекелдерін басқарудың стратегиялары мен саясатын айқындау;

41) Заңнамамен және (немесе) Жарғымен белгіленген, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелер, оның ішінде Заңнамада белгіленген тәртіппен Қор бекіткен құжаттармен Қоғамның директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.

Жарғының осы тармағының 1), 21), 22), 25), 30), 35), 36), 40) тармақшаларында көрсетілген және директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін мәселелер Қоғам басқармасының алдын ала мақұлдауына жатады.

109. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда директорлар кеңесінің комитеттерін құру қажет.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің комитеттері директорлар кеңесінің мүшелері мен нақты бір комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы тармақтың 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қарау оның қызметтері аясына кіретін директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесінің комитеттерін құрудың және оның жұмысының тәртібі, сандық құрамы, сондай-ақ олардың Қоғамның директорлар кеңесімен өзара іс-қимылының процедуралары директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттарымен белгіленеді.

110. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғам басқармасының шешуі үшін берілмейді.

Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

111. Директорлар кеңесіне тек жеке тұлға ғана мүше бола алады: директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционердің - жеке тұлғалардың;
- 2) директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдардың;
- 3) өзге де тұлғалардың (Заңнамада және (немесе) Жарғыда белгіленген шектеулердің есебімен) тарапынан сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Әрбір акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша 1 (бір) кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл

кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі. Егер директорлар кеңесі мүшелігіне екі және одан көп кандидаттар бірдей дауыс санын жинаған болса, оларға қатысты акционерлерге бірдей дауыс жинаған кандидаттар көрсетілген кумулятивті дауыс беру бюллетендерін ұсыну жолымен қосымша кумулятивті дауыс беру жүргізіледі.

Кумулятивті дауыс беру бюллетенінде мынадай бағандар болуы тиіс:

- 1) директорлар кеңесіне кандидаттардың тізбесі;
- 2) акционерге тиесілі дауыстардың саны;
- 3) акционердің директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат үшін берген дауыстарының саны.

Кумулятивті дауыс беруге арналған бюллетенге дауыс берудің «қарсы» және «қалыс қалды» нұсқаларын енгізуге рұқсат етілмейді.

112. Қоғамның акционері емес және акционердің өкілі ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады.

Қоғамның директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы қажет.

113 Қоғам басқармасының басшысын қоспағандағы басқа мүшелері директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Бас директор (басқарма төрағасы) директорлар кеңесінің төрағасы болып, сондай-ақ директорлар кеңесінің кез келген комитеттерінің төрағасы болып сайлана алмайды.

114. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны (уақытша бос орындардың жоқ болуы жағдайында) кем дегенде 8 (сегіз) адам болуы тиіс, тәуелсіз директорлар мен бас директор (басқарманың төрағасы) соның ішіне кіреді.

12.10.1) жоғары не орта кәсіптік білімі жоқ;

2) Заңнамамен белгіленген тәртіппен сотталуы жабылмаған немесе алынбаған;

3) бұдан бұрын осы тұлға жұмыс істеген уақытта банкрот деп танылған немесе консервациялауға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері (директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарманың төрағасы) басшының орынбасары, бас бухгалтер) болып табылған адамдар директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды. Көрсетілген талап банкроттық, консервациялау, санациялау немесе мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған датадан кейінгі бес жылдың ішінде қолданылады;

4) акционерлік қоғамның соттың шешімімен экономикалық қызметінде меншікке қарсы немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызметтің мүдделеріне қарсы жасаған қылмысы үшін кінәлі деп табылған лауазымды тұлғасы болып қызмет атқарған, сондай-ақ аталған қылмысы үшін ақталмайтын негіздемелер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған тұлғалар. Директорлар кеңесінің мүшесі

бола алмайды. Көрсетілген талап сотталу мерзімі өтелгеннен не заңмен белгіленген тәртіппен соттаудан босатылғаннан не қылмыстық жауапкершіліктен босатылған күннен бастап бес жылдың ішінде қолданылады.

Бұрын мемлекеттік қызметкер болып табылған және өзінің қызметтік функцияларына байланысты мемлекет тарапынан Қоғамның қызметін бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілеттігі бар болған жеке тұлға ондай уәкілеттіктер аяқталғаннан күннен бастап бір жылдың ішінде Қоғамның директорлар кеңесіне сайлана алмайды.

116. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар Заңнамада, Жарғыда көрсетілген тәртіппен қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері үш жыл мерзімге сайланады, кейін, қызметінің табыстылығы шартымен үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің құрамына алты жылдан астам мерзімге қатарынан кез келген мерзімге сайлау (мысалы екі үш жылдық мерзім) директорлар кеңесінің құрамын сапалық жаңарту қажеттілігінің есебімен қайта қарауға жатады.

Тәуелсіз директор директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам мерзімге сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда, тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, тәуелсіз директорды директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын директорлар кеңесінің мұндай мүшесін сайлау қажеттілігін және бұл фактордың тәуелсіз шешім қабылдауға әсерін егжейлі-тегжейлі түсіндіру жолымен жүргізілуі қажет.

117. Директорлар кеңесінің өкілеттілігі мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттіктерінің мерзімі жаңа директорлар кеңесін сайлайтын акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген сәттен бітеді.

118. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің ондай мүшесінің өкілеттіктері акционерлердің жалпы жиналысының оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күнінен бастап тоқтатылады.

119. Директорлар Кеңесі мүшесінің өз ынтасы бойынша өкілетін тоқтатуы директорлар Кеңесін жазбаша түрде хабардар ету арқылы жүзеге асырылады.

Директорлар Кеңесі мұндай мүшесінің өкілеті директорлар Кеңесінің аталған жазбаша хабарламаны алу мезетінен бастап тоқтатылады.

120. Директорлар кеңесінің қандай да бір мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда директорлар кеңесінің жаңа мүшесін

сайлау акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл ретте жаңадан сайланған директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі, тұтастай алғанда, директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

121. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің ішінен ашық дауыс беру арқылы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

122. Директорлар кеңесінің төрағасы:

- 1) директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) директорлар кеңесінің отырысын өткізеді;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және онда төрағалық етеді;

- 4) Қоғамның атынан бас директормен (басқарма төрағасымен) жеке еңбек шартын жасайды және оған қатысты осы Жарғының ережелерін ескеріп, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттерін іске асырады, сондай-ақ Заңнамамен көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырады;

- 5) директорлар кеңесінің басқа да мүшелерінің ұсынысын және директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талаптарды ескеріп, директорлар кеңесінің мәжілістерін жоспарлайды және күн тәртібін қалыптастырады;

- 6) директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдердің тиісті түрде орындалуын қадағалауды қамтамасыз етеді.

123. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын директорлар кеңесінің мәжіліске қатысатын мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданатын шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

124. Директорлар кеңесінің мәжілісі Қоғамның директорлар кеңесі төрағасының немесе басқармасының бастамашылығы бойынша, не:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

125. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап, тиісті материалдарды қоса алғанда, Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы мәжіліс ұйымдастырудан бас тартатын болса, бастамашы аталған талаппен Қоғамның басқармасына хабарласа алады, ол, өз алдына, директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар Кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның басқармасы шақыру туралы талаптың келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің ондай отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақырып өткізіледі.

126. Директорлар кеңесінің мүшелеріне мәжіліс өткізілетіндігі туралы құлақтандыруды жіберудің тәртібін директорлар кеңесі белгілейді.

Директорлар кеңесінің қатысып отыратын мәжілісінің күн тәртібі мәжіліске қатысып отырған директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі даусымен даусымен бекітіледі. Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіне, егер оларды енгізуге тәуелсіз директорларды қоса алғанда директорлар кеңесінің барлық мүшелері дауыс берсе өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

127. Күн тәртібінің материалдары жөніндегі материалдар директорлар кеңесінің мүшелеріне қатысып отыратын мәжілісті өткізу күніне дейін кем дегенде жеті күн бұрын ұсынылады (ал сырттай қатысып отыратын мәжілісте – сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді қабылдау күніне дейін).

Директорлар кеңесінің күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдарды дайындау тәртібі Қоғамның директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі.

Оны жасасуға мүдделілік бар ірі мәміле және (немесе) мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қарастырылған жағдайда, директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдардағы мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары туралы, мәмілені орындаудың мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (мәміленің нәтижесінде Қоғам активтері көлемінің 10 (он) және одан көп пайызы сомасындағы мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын жағдайда) болуы қажет.

128. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Қоғамның басқармасына алдын ала хабарлауға міндетті.

129. Директорлар Кеңесінің немесе оның комитеттерінің мүшелері, сондай-ақ сарапшылар директорлар кеңесінің отырысына телефон бойынша конференц-байланыс арқылы немесе отырыстың қалған мүшелерінің естуіне және бір-бірімен сөйлесуіне мүмкіндік беретін басқа да байланыс түрлері арқылы қатыса алады. директорлар кеңесінің отырысына осылайша қатысатын директорлар кеңесінің мүшелері Жарғыға сәйкес дауыс беруге және кворумға есептелуге құқылы. Директорлар кеңесінің ондай мәжілісі қатысып отыратын болып табылады.

130. Директорлар кеңесінің отырысын өкілетті өткізу үшін кворум директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кем дегенде жартысын құрайды.

Егер директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, директорлар кеңесі оның жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

Директорлар кеңесі оны жасауға Қоғам мүдделі мәміле бойынша шешім қабылдауы тиіс болған жағдайда өкілетті директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін қажетті кворум мұндай мәмілеге мүдделі емес (немесе мүдделі емес деп есептелген) директорлар кеңесінің кемінде 2 (екі) мүшесін құрайды. Қоғам ондай мәміле жасасатыны туралы шешім директорлар кеңесінің мәжілісінде қатысып отыратын мәміле жасасуға мүдделілігі жоқ мүшелердің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Сырттай дауыс беріп қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдердің кворумы бар болған жағдайда расталады. Бюллетендер берудің мерзімі директорлар кеңесінің мүшесі бюллетень алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кем болмауы тиіс.

131. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімі, егер Заңмен өзгедей көзделмесе, мәжіліске қатысып отырған директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Қоғам директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Қоғам директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді. Директорлар Кеңесі мүшелерінің өзі болмаған кезде директорлар Кеңесінің қандай да бір мәжілісіне қатысу үшін өзінің өкілін тағайындауға құқығы жоқ.

Дауыстар тең болған жағдайда директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің мәжілісіне төрағалық етуші адамның даусы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесінің мүшесі директорлар кеңесі қабылдайтын шешім мен толықтай немесе ішінара келіспеген жағдайда, ол өзінің келіспеушілігін корпоративтік хатшы тікелей тәртіпте өткізілетін директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасында көрсететін дауыс беруге енгізілген мәселе бойынша өзгеше пікір түрінде айтуға міндетті. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі жазбаша нысанда айтылуы және толтырылған бюллетенге қоса берілуі тиіс.

132. Директорлар кеңесі оның мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

133. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша оның шешімдерін қабылдау Қоғамның директорлар кеңесі төрағасының

қалауы бойынша сырттай дауыс беру арқылы да болуы мүмкін. Бұл ретте, отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін бюллетеньдер пайдаланылады. Сырттай дауыс беріп қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдердің кворумы бар болған жағдайда расталады.

Шешім ресімделгеннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күннің ішінде олардың негізінде осы шешім қабылданған бюллетендердің көшірмелері қоса беріліп директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдануы қажет.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған корпоративтік хатшы және директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы тиіс.

134. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол мәжіліс өткен күннен бастап 3 (үш) күн ішінде жасалып, оған мәжілісте төрағалық еткен адам мен корпоративтік хатшы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғам басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) мәжілістің өткізілген күні, уақыты және жері;
- 3) мәжіліске қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша директорлар кеңесінің әр мүшесінің директорлар кеңесі күн тәртібінің әр мәселесі бойынша дауыс берудің қорытындылары көрсетілген дауыс берудің қорытындылары;
- 6) директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірлері;
- 7) қабылданған шешімдер;
- 8) директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Қол қойылған хаттамаға директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысқан адамдардың сөз сөйлеген директорлар кеңесі мәжілісінің стенограммасы мен аудио немесе бейне жазылымдар қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Директорлар кеңесінің сырттай қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол мәжіліс өткен күннен бастап 3 (үш) күн ішінде жазбаша түрде жасалып, оған отырыста директорлар кеңесінің төрағасы мен корпоративтік хатшы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғам басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай қатысатын отырыстың өткізілген күні;
- 3) бюллетендері уақытында алынған адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олардың әр қайсысы бойынша шешімдердің мәні, және олар бойынша директорлар кеңесінің әр мүшесінің директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша дауыс беруінің нәтижелері көрсетілген дауыс берудің қортындылары;

- 6) Директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірлері (бар болса);

- 7) қабылданған шешімдер.

Қол қойылған хаттамаға уақытылы алынған бюллетендер қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

135. Директорлар кеңесі мәжілістерінің хаттамалары мен директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесімен тұрақты түрде сайланатын, және директорлар кеңесінің хатшысы қызметін атқаратын Қоғамның корпоративтік хатшысы директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып, директорлар кеңесінің мөрі басылып куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

136. Қоғам Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыспаған немесе директорлар кеңесі Заңмен және Жарғымен белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен келіспеуге құқылы;

137. Акционер, егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) бұл акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса Қоғам директорлар кеңесінің Заң мен Жарғының талаптарын бұза отырып қабылданған шешіміне сотта қарсы болуға құқылы.

138. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының ережелерінде өзгесі көрсетілмесе, бірақ директорлар кеңесі мүшесінің оған құқы бар кез келген босатуға және орнын толтыруға зиян келтірместен директорлар кеңесінің әр мүшесі немесе Қоғамның басқа да лауазымды тұлғасы ол бойынша оның пайдасына шешім шығарылған (немесе оның тарапынан қызметтік міндеттердің елеулі бұзылуы фактісі мойындалмастан тергеу тоқтатылатын) немесе директорлар кеңесінің

мүшесі немесе Қоғамның өзге де лауазымды тұлғасы алаяқтық, алдау, қасақана бұзушылық немесе қасақана немқұрайлық танытуының нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде жауапқа тартылмағаны шартымен ол ақталған, немесе оның өтініші бойынша сот оны Қоғамның қызметіне қатысты немқұрайлық танытқаны не міндеттемелерін бұзғаны үшін босатқаны, немесе сенімді ақтамағаны азаматтық болсын не қылмыстық болсын қандай да болсын соттық тергеулерде Қоғамның мүдделерін қорғау кезінде көтерген кез келген міндеттемеден босатылады және Қоғамның активтерінен өтемақы алады немесе

13. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

139. Ағымдағы қызметке басшылық жасауды Қоғамның басқармасы жүзеге асырады. Қоғамның басқармасын бас директор (басқарма төрағасы) басқарады.

Басқарма жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжатымен айқындалады. Басқарманың барлық немесе кез келген мүшелері басқарманың отырысына телефон бойынша конференц-байланыс арқылы немесе отырыстың қалған мүшелерінің естуіне және бір-бірімен сөйлесуіне мүмкіндік беретін басқа да байланыс түрлері арқылы қатыса алады. Осылайша басқарманың отырысына қатысатын адам отырысқа жеке өз басы қатысты деп саналады және дауыс беруге және кворумға есептелуге құқылы.

Қоғамның басқармасы Заңмен және Жарғымен және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа да органдары мен лауазымды тұлғаларының өкілеттігіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Заңмен және (немесе) Жарғымен Қоғамның өзге де органдарының, Қоғам бас директорының (басқарма төрағасының) құзыретіне жатқызылған мәмілелерді есептегенде, Қоғамның мәмілелер жасасуы туралы шешім қабылдайды;

2) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншік капиталының мөлшерінен 5-тен (бестен) 10 (он) пайызға дейінгіні құрайтын сомаға арттыру туралы шешім қабылдайды;

3) директорлар кеңесіне жер қойнауын пайдалануға арналған құқықтар алу, беру (қайта беру), жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға өзгерістер енгізу (заңнамалық түзетулік сипаттағы актілердегі өзгерістермен немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен байланысты өзгерістерді есептегенде), жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жобаларды бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық әріптестермен бірлескен қызметі туралы

шарттар (келісімдер) жасасу, Қоғамның Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға сәйкес келісімшарттық аумағын қайтару мәселелері бойынша ұсыным береді;

4) Қоғамның орталық аппаратының құрылымын және қызметкерлерінің штат кестесін бекітеді;

5) филиалдар мен өкілдіктердің және жекеленген құрылымдық бөлімшелердің құрылымын, филиалдар мен өкілдіктердің және жекеленген құрылымдық бөлімшелердің басқару аппараттары қызметкерлерінің жалпы санын және штат кестесін, сондай-ақ қызметкерлерінің жалпы санын бекітеді;

6) Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдайды және нұсқаулар береді;

7) акционерлердің жалпы жиналысы немесе директорлар кеңесі бекітетін құжаттарды есептемегенде, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

8) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;

9) Директорлар кеңесінің мүшелеріне сұрау салу алынған сәттен бастап 10 (он) күндік мерзімнен кешіктірмей Қоғамның қызметі туралы ақпараттарды, оның ішінде құпия сипатындағы ақпараттарды уақытылы беруді қамтамасыз етеді;

10) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

11) ай сайынғы басқарушылық есептерді мақұлдайды;

12) сырттан қаржыландыру шарттарын жасасуды мақұлдайды;

13) Қоғамның жыл сайынғы жұмыс бағдарламасы мен бағалар саясатын, сондай-ақ олардағы өзгертулер мен толықтыруларды бекітеді;

14) Қоғамның жылдық есебін мақұлдайды;

15) оларды жасасуға Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді:

Қоғам оның жалғыз акционері (қатысушысы) болып табылатын;

ондай жеке мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің сомасы 500 000 000 (бес жүз миллион) теңгеден аспауы шартымен Ұлттық әл-ауқат қорының тобына кіретін ұйымдармен мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдайды;

16) Қоғамның инвестициялық жобаларын іске асыру туралы шешімдер қабылдайды;

17) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің және және бас директорының (басқарма төрағасының) айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

Қоғам басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын Қоғам басқармасының басқа мүшесін қоса алғанда, өзге тұлғаға беруге рұқсат етілмейді.

Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Қоғам Басқарманың Қоғам белгілеген шектеулерді бұзып мақұлдаған мәміленің растығын, егер мәмілені жасау кезінде тараптар ондай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, даулауға құқылы.

140. Акционерлер мен оның акционері болып табылмайтын Қоғамның қызметкерлері Басқарманың мүшелері бола алады. Қоғам Басқармасының мүшелігіне сайлануға ұсынылатын адамдарға қойылатын талаптар мен шектеулер Заңнамамен, Кодекспен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Басқарманың мүшесі өзге ұйымдарда тек директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істей алады. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) өзге заңды тұлғаның атқарушы органы басшысының немесе атқарушы органының қызметін жеке өзі жүзеге асыратын тұлғаның қызметін атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңнамамен, Жарғымен, сондай-ақ аталған тұлға Қоғаммен жасасқан жеке еңбек шартымен айқындалады. Бас директормен (басқарма төрағасымен) жеке еңбек шартына директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазмдық жалақысының мөлшерін белгілей отырып Қоғамның атынан директорлар кеңесінің төрағасы немесе акционерлердің жалпы жиналысы не Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Қоғам басқармасының қалған мүшелерімен еңбек шарттарына директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазмдық жалақысының мөлшерін белгілей отырып бас директор (басқарма төрағасы) қол қояды.

141. Басқарма кемінде 5 (бес) адамнан тұрады.

142. Егер отырысқа Басқарма мүшелерінің 2/3-і (үштен екісі) қатысса Басқарма отырысы өткізілді деп есептеледі.

143. Басқарманың шешімдері отырыста қатысып отырған басқарма мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, бас директордың (басқарма төрағасының) дауыс берген шешім қабылданады.

Қоғам басқармасының шешімі мәжіліске қатысқан барлық басқарма мүшелері қол қоюы және басқарманың әр мүшесінің әр мәселе бойынша дауыс беруінің нәтижелері көрсетіле отырып, дауыс беруге қойылған мәселелерді, олар бойынша дауыс берудің қортындыларын қамтуы тиіс болатын хаттамамен ресімделеді.

144. Басқарманың жанында тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша шешімдерді жедел қабылдау мақсатында тәуекелдерді басқару комитеті құрылуы мүмкін. Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетті құрудың және жұмыс тәртібін, оның сандық құрамы мен құзыреттерін Қоғам басқармасы белгілейді.

13.6. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы):

- 1) басқарманы басқарады;
- 2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің және басқармасының шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 3) Қоғамның атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда сенімхатсыз іс-қимыл жасайды;
- 4) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 5) Қоғамның қызметкерлерін Заңда белгіленген жағдайларды есептемегенде, жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен дербес үстеме ақыларының мөлшерін белгілейді, Қоғам басқармасының және ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерден, сондай-ақ корпоративтік хатшыдан басқа Қоғам қызметкерлері сыйақыларының мөлшерін белгілейді;
- 6) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 7) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік аясын бөледі;
- 8) сот істерінің қаралуының, таластар мен төрелік істер қаралуының бастамашылығын немесе реттелуін мақұлдайды;
- 9) Қоғамның атынан Қоғамның өз капиталы мөлшерінің 5 (бес) пайызына дейінгі сомаға мәміле жасалады;
- 10) Қоғамның басқармасы мақұлдаған адамдарды филиалдар мен өкілдіктердің, жекеленген құрылымдық бөлімшелердің басшылары лауазымына тағайындайды және оларды лауазымдарынан босатады;
- 11) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;
- 12) директорлар кеңесіне топтастырылған жылдық бюджет пен бизнес-жоспардың негізгі өлшемдерінің орындалуы туралы жарты жылдық есептер мен бас директордың (басқарма төрағасының) бақылау қызметінің негізгі көрсеткіштерінің стратегиялық карталарын ұсынуды қамтамасыз етеді;
- 13) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;
- 14) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;
- 15) Басқарманың мәжілістерін шақырады;
- 16) Директорлар кеңесінің төрағасын немесе директорлар кеңесінің төрағасы уәкілеттендірген адамдарды мүмкіндігінше ең қысқа мерзімдерде Қоғамның қызметімен байланысты төтенше жағдайлар (авариялар, зілзалалар немесе апаттар) туралы құлақтандыруын қамтамасыз етеді;
- 17) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты, міндеттерді орындауы үшін қажет, акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қоғам басқармасының

құзыретіне жатпайтын барлық қалған мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

146. Басқарманың тұрақты түрде сайлайтын басқарма хатшысы басқарма мүшесінің талабы бойынша басқарма хатшысының қолы қойылған және басқарманың мөрі басылған басқарма отырысының хаттамасын танысу үшін беруге міндетті.

14. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫСЫ

147. Қоғамның лауазымды адамдары (директорлар кеңесінің мүшелері, басқарма мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады. Қоғам мен оның лауазымды тұлғасы мүдделерінің тартысы туындаған жағдайда соңғысы бұл жөнінде басқарманы (немесе директорлар кеңесін) дереу хабардар етуге міндетті.

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға немесе Қоғамның Жарғысына, Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналыстарының мен директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ оны өз мақсаттарына және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдалануға жол бермеуге тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың заңнама талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттардың құпиялығын, егер, оның ішінде, Қоғамның ішкі құжаттарымен өзгедей белгіленбесе, Қоғамдағы жұмысын тоқтатқан сәттен бастап 3 (үш) жыл бойы сақтауға міндетті.

Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері:

1) хабардарлық, ашықтық, Қоғам мен оның акционерлерінің мүдделері негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, Кодекстің және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес іс-әрекет етуі;

2) барлық акционерлерге әділетті қарауы, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пайымдар енгізуі қажет.

149. Қоғамның лауазымды тұлғалары Заңнамаға сәйкес, өздерінің әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздігімен келтірген зияны үшін, және Қоғамға келтірілген залалдар үшін Қоғамның және акционерлердің алдында Қазақстан Республикасының белгіленген заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

15. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

150. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін кемінде 3 (үш) адам санында Ішкі аудит қызметі құрылады.

151. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін, оның ішінде басшысын директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің ұсынуы бойынша директорлар кеңесі қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

Ішкі аудит қызметінің басшысы Ішкі аудит қызметі бұрын қараған мәселелері бойынша акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға; ішкі аудит қызметінің мәселесі қаралатын директорлар кеңесінің мәжілістеріне қатысуға; директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізу үшін мәселелер ұсыну, директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің қарауына Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің құрамына енгізу үшін кандидатураларды ұсынуға құқылы.

152. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында тоқсан сайын өз жұмысы туралы есеп береді.

153. Жыл сайынғы жұмыс жоспарын орындау мақсатында, оған өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып Ішкі аудит қызметі Қоғамның барлық құжаттамасы мен ақпаратына сөзсіз қол жеткізуге құқығы бар.

154. Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі, оның құзыреті мен функциялары аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің алдын ала мақұлдауынан кейін директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

16. ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІК, ЕСЕПКЕ АЛУ ҚҰЖАТТАМАСЫ ЖӘНЕ АУДИТ

155. Қоғамның қаржы жылы болып күнтізбелік жыл саналады (1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін).

156. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржы есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасымен және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен белгіленеді.

157. Қаржылық және статистикалық есептілік, есеп жүргізу құжаттамасы және мемрзімдік қаржы есептіліктері Заңнамада белгіленген бухгалтерлік есептің принциптеріне сәйкес, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен басқа да принциптерге және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалады және қажет

болған жағдайда құзыретті мемлекеттік органдардың қарауына ұсынылады.

158. Қоғамның Басқармасы жыл сайын оны талқылау және бекіту үшін өткен жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін және Қазақстан Республикасының аудиторлық есептілік туралы заңнамаға сәйкес өткізілген аудитті акционерлердің жалпы жиналысына ұсынады. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктен басқа, Басқарма, акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық есепті ұсынады.

Қоғамның жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін түпкілікті бекітуді акционерлердің жылдық жалпы жиналысы жүргізеді.

Қоғамның қаржылық есебі Қоғамның қаржылық жағдайын бұрмалап көрсеткен жағдайда Қоғамның аталған қаржылық есебіне қол қойған Қоғамның лауазымды тұлғасы осының нәтижесінде материалдық шығын келтірілген үшінші тұлғалардың алдында жауаптылықта болады.

159. Қоғам Жарғының 62-тармағында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында құзыретті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті жариялауға міндетті.

160. Қоғам жыл сайынғы шоғырландырылған қаржы есептілігінің аудитін жүргізуге міндетті.

161. Қоғамның аудиті директорлар кеңесінің, басқарманың бастамашылығымен Қоғамның есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіле алады, мұндағы ірі акционер аудиторлық ұйымды өз еркінше белгілеуге құқылы.

162. Егер Қоғам басқармасы Қоғамның аудитін жүргізуден бас тартса, кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша соттың шешімімен аудит тағайындалуы мүмкін.

17. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ

163. Қоғам оның тізбесі Заңмен белгіленген Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты өзінің акционерлері мен инвестицияларының назарына жеткізуге міндетті.

Қоғам мен оның акционерлері Заңға сәйкес міндетті жариялауға жататын өз хабарламалары мен басқа да ақпараттарын жариялау үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары Жарғының 62-тармағында көрсетілген.

Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен өзге де қолданымды талаптарға сәйкес корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттардың бір бөлігін Қоғамның корпоративтік веб-сайты мен өзге де интернет-ресурстарда орналастырады. Егер, Заңда және Қазақстан

Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде ақпарат жариялаудың (акционерлерді құлақтандырудың) мерзімдері белгіленбеген жағдайда, мұндай ақпарат ол пайда болған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде жарияланады (акционерлер құлақтандырылады).

Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғалғаны туралы ақпарат Қоғам корпоративтік дау бойынша азаматтық іс қозғау жөнінде тиісті сот хабарламасын (шақыру) алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінің ішінде акционерлерге ұсынылады.

164. Қоғам акционердің талабы бойынша оған Заңда белгіленген құжаттардың көшірмесін беруге міндетті.

Құжаттардың көшірмесін бергені үшін ақы мөлшерін Қоғам белгілейді және құжаттардың көшірмесін жасауға кеткен шығыстар құнынан және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты ақы төлеуден аспауы тиіс.

Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналымы мен өтімділігінің жеке мәселелерін регламенттейтін, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпиялы болып табылатын ақпараты бар құжаттар акционерге оның талабы бойынша танысу үшін берілуі қажет.

165. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат беру (жариялау) Заңнамаға сәйкес іске асырылады.

166. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттарды Қоғам өз қызметінің бүкіл мерзімі барысында басқарманың орналасқан жерінде сақтайды.

Мына құжаттар сақтауға жатады:

- 1) Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) құрылтайшылық шарттар (біріктіру туралы шарт), құрылтайшылық шарттарға (біріктіру туралы шарттарға) енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 3) Кодекс;
- 4) Қоғам Жарғының 13-тармағына сәйкес алған Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына лицензиялар немесе рұқсаттың өзге де түрлері және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер (операциялар) жасауға қажет етілетін тиісті лицензиялар немесе рұқсаттың өзге де түрлері;
- 5) Қоғамның өз балансында тұратын (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
- 6) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;
- 7) Қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекіту;
- 8) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
- 9) акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, дауыс берудің қортындылары туралы хаттамалар және бюллетендер (оның

ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер), директорлар кеңесі күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар;

10) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынылатын акционерлердің тізмі;

11) директорлар кеңесі мәжілістерінің хаттамалары (сырттай мәжілістерінің шешімдері) және бюллетендер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер), директорлар кеңесі күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар;

12) Қоғам басқармасы мәжілістерінің (шешімдерінің) хаттамалары.

167. Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

168. Акционер ақпараттар (құжаттардың көшірмелерін) алу мақсатында Қоғамның басқармасына жазбаша нысанда хабарласуы қажет. Акционердің хабарласуы, белгіленген тәртіппен, кіріс құжаттарының журналында тіркелген болуы тиіс. Қоғам талап етілген ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) акционер хабарласқан күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Қоғамның қызметі туралы акционерлерге мәлім болған «Құпия», «Қызметтік бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар ақпарат жазбаша не өзге нысанда үшінші тұлғаларға берілмейді. Мұндай ақпараттар қолына тиген акционер оның құпиясын сақтауға міндетті.

Қоғам акционерінің құпия ақпараттарды ашуына тек Қоғамның директорлар кеңесінің рұқсатымен ғана жол беріледі, өйтпеген жағдайда акционерлер Заңнамаға сәйкес жауаптылықта болады.

Қоғамның директорлар кеңесінің тарапынан қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттарды беруге тыйым салу енгізілуі мүмкін.

169. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияларды құрайтын ақпараттарға ие Қоғам қызметкерлерінің міндетті түрде тізімін жүргізуді қамтамасыз етеді.

170. Директорлар кеңесі оған заңды негізде еркін кіруге шектеулі адамдар тобының ғана рұқсаты бар ақпаратты, оны мүдделі тұлғаларға берудің және көпшілікке жария етудің тәртібін, сондай-ақ мұндай ақпараттарды қорғау шараларын белгілейді.

18. АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ

171. Заңнамада, Жарғыда, Кодексте белгіленген жағдайларда, сондай-ақ Қоғамның талабы бойынша Қоғамның акционерлері және/немесе лауазымды тұлғалары Қоғамға өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсынуға міндетті, соның ішінде толық атауы,

мемлекеттік тіркелу күні, нөмірі, орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін), фамилиясы, аты, әкесінің аты, туған күні мен тұратын жері (жеке тұлғалар үшін), аффилиирлену туындауының негіздемесі мен күні, оған қоса сондай тұлғаларға қытысты Қоғамға қажетті басқа да мәліметтер.

172. Қоғамның акционерлері және/немесе лауазым иелері, Заңнамаға сәйкес, бас директорға (басқарманың төрағасына) өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты аффилиирленудің туындауы күнінен бастап 7 (жеті) күн ішінде ұсынады.

Қоғам акционері немесе лауазым иесі бұрынырақ өзінің аффилиирленген тұлғасы ретінде көрсеткен тұлғасы ондай болудан қалса, онда Қоғамның акционерлері немесе лауазымды тұлғалары ол туралы Қоғамның бас директорын (басқарма төрағасы) 5 (бес) күн мерзім ішінде хабардар етеді.

173. Қоғам акционері және/немесе лауазымдық тұлғасы оған қатысты өзінің аффилиирленген тұлғасы деп мәлімет ұсынған тұлға Қоғамға ондай тұлға аффилиирленген деп саналу негіздерінің тоқтатылғанын растайтын құжаттар ұсынылғанға дейін сондай болып есептеледі.

174. Егер Қоғам акционерінің және/немесе лауазымдық тұлғаларының өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәлімет бермеуі себебінен Қоғамға зиян келтірілген немесе соған себеп болған болса, онда Қоғам ондай мәліметті бермеген тұлғадан тигізілген зиянды толық мөлшерде өтеуді талап етуге құқылы.

175. Қоғам өзінің Аффилиирленген Тұлғаларын ондай тұлғалардың ұсынған мәліметтері негізінде есепке алады.

176. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Заңнамамен белгіленген нысанда, мерзімдерде және тәртіппен Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы ақпараттың орналастырылуын қамтамасыз етеді.

177. Заңға сәйкес Қоғаммен мәмілелер жасасуға мүдделі деп танылған аффилиирленген тұлға Қоғамның атына тиісті құлақтандыру жолдау жолымен:

1) өздерінің мәміленің тарабы болып табылатындығы немесе 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;

2) олар аффилиирленген заңды тұлғалар туралы, оның ішінде олар дербес немесе өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп дауыс беруші акциялардың 10 (он) және одан көп пайыздарына (үлестеріне, пайларына) иелік ететін заңды тұлғалар туралы және органдарында олар қызмет атқаратын заңды тұлғалар туралы;

3) олар мүдделі тұлғалар болып танылуы мүмкін болатын өздеріне мәлім немесе болжамды мәмілелер туралы ақпараттарды Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті.

19. ҚОҒАМ МЕНШІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУЫ

178. Қоғам мен оған тиесілі құқықтарды құқықтық қорғау Заңнамаға, Жарғыға және басқа да қолданымды құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

20. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

179. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының не Заңнамада белгіленген өзге де негіздемелер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңнамамен реттеледі.

22. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

180. Егер Жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болса да, бұл қалған ережелердің жарамдылығын қозғамайды. Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыда жол берілетін мағынасы жағынан жақын ережемен ауыстырылады.

181. Жарғы Қоғамның ауқымды депозитарлық қолхаттары Лондонның қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен алып тасталған күннен бастап күшіне енеді.

182. Жарғы Заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады.

**Бас директордың
міндетін атқарушы**

Д. Абдулғафаров